

Жақсыбайкөл негізгі мектебінің 2022-2023оқу жылында 1 сыныппен жүргізілетін тәрбие жұмысының талдауы

2022-2023 оқу жылында 1 сыныпта 4 оқушы бар,оның 3-еуі қыз,1-еуі ұл. Сынып түгел толық отбасы жағдайы қалыпты.Оқу жылы сыныптың жаңа оқу жылына деген дайындығынан басталды. Оқушылардың мектепке материалдық жағынан даярлығы тексеріліп, ата-аналармен байланыс жасап, хабарлар алынды. Оқу жылының басында тәрбие жоспары жасалып бекітілді.Жасалған жоспар бойынша жұмыстар атқарылды.Оқушылар сыныптағы мектепшілік өтілген іс-шараларға белсене араласты.Сонымен қатар ата-аналарға да бала тәрбиесі туралы ауқымды тақырыптар төңірегінде жиналыстар мен кездесулер өткізілді.Тәрбие бағыты бойынша сынып сағаттары ұйымдастырылып, түрлі форматта жұмыстар жүргізілді. Сынып оқушыларының ата-аналарымен үнемі онлайн(ватсап желісі) офлайн байланыста болып, түрлі іс-шараларға, мектеп әкімшілігінің ұйымдастырған түрлі жоспар, жұмыстарын (тренинг, сауалнама, дөңгелек үстел) т.б бала тәрбиесіне қатысты.Жиналыстарды сынып оқушыларын қатыгездікке тәрбиелейтін ойындардың алдын алу, тиым салу, сауалнама, баяндамалар оқылып, талқыланды.

I. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие

Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық - зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

1. Білім күніне арналған. «Білімге ұмтылу еңбексүйгіштік және отаншылдық»
Мақсаты:оқушылардың бойында отансүйгіштік сезім ұялату.

II. Ұлттық тәрбие

Мақсаты:

Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлау, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу.

Қауіпсіз мектебім Көше күтпеген оқиғаға толы жолда жүру ережелерімен таныстырылды.

«Әлеуметтік желі дегеніміз не?» тәрбие сағаты өткізілді.

«Сыр сандық»(жұмбақ,мақал-мәтел) оқушыларға жұмбақ жасырылып, мақал-мәтелдерді айту жарысы өтті.

III. Рухани - адамгершілік тәрбие

Мақсаты: Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани - адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

«Ана тілімізді құрметтейміз» атты тілдер күніне орай ашық тәрбие сағаты өтті. Ата-әулеттің тірегі,Әже-ұрпақтың жүрегі. Ата-әжесінен үйренген баталар жатқа айтылды. Ертегілер оқылды.

IV. Отбасы тәрбиесі

Мақсаты: Ата - аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық - педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру

1. «Отбасы –өмір аясы» тәрбие сағаты өтті.

2.«Әке-жауапты лауазым» (Отан қорғаушылар күніне әкемен кездесу) ашық түрде өтті.

V. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым - қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту. Тәрбие сағаттары өтті.

- 1.Отбасы құндылығы
- 2.«Ұлттық валютамыз – тәуелсіздігіміздің көрсеткіші» ашық тәрбие сағаты өтті.
3. «Табиғатты сүю-ел ертеңін ойлау»
4. Табиғат қалай сенің жағдайың ?

VI. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

Мақсаты: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік құру

1. Мамандыққа бейімділікті анықтау
2. Мамандық таңдау үшін- мамандық иелер- мамандық иелерімен кездестіру. 9-сынып оқушылары студенттермен кездесу кеші өткізілді.
- 3.«Алты алаштың анасы –Сыр елі»

VII. Көпмәдениетті және көркем - эстетикалық тәрбие

Мақсаты: Білім беру ұйымдарының білім беру кеңістігін тұлғаның өзін - өзі сәйкестендіруінің көпмәдениетті ортасы ретінде құру, тұлғаның қоғамдағы жалпымәдени мінез - құлық дағдыларын қалыптастыру, оның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.

1. «Дін-тәрбие діңгегі» Оқушы мен ұстаз мәдениеті
«Қош бол,алтын ұям мектебім!» Қоштасу кеші өткізілді.

VIII. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

1. «Жол көлік оқиғаларына әкеп соқтыратын жол жағдайлары» «Денсаулықты сақтаудың тиімді жолдары» Өмірге керек 1001 кеңес «Ұлттық ойын түрлері» «Дені сау ұрпақ-жарқын болашақ»
8 бағыт бойынша, ашық та жабық та тәрбие сағаттар өткізілді.